

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 4 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізілімінде орналастыруды қамтамасыз етуді Еуразиялық

экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жұмыстарын үйлестіру өзінің құзыретіне кіретін Еуразиялық экономикалық комиссияның департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім 2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісім күшіне енген күннен бастап, бірақ 2016 жылғы 1 сәуірден кейін ғана күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 19 қаңтардағы
№ 4 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісім;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісімде көзделген жекелеген құжаттарды бекіту туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы № 70 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісімде көзделген жекелеген құжаттарды бекіту туралы" 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 86 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру

кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы " 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Тәртіп "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне (P.LS.02) (бұдан әрі – жалпы процесс) жаңа қатысушы қосылған кезде ақпараттық өзара іс-қимылға қойылатын талаптарды айқындайды.

3. Осы Тәртіпте айқындалған рәсімдер жалпы процеске жаңа қатысушы қосылған кезде бір мезетте не белгілі бір уақыт кезеңінде орындалады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Тәртіптің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету кезінде қолданылатын құжаттар" – Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия әзірлейтін және бекітетін техникалық, технологиялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық құжаттар;

"жалпы процесті іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар" – Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімінің 1-тармағында көрсетілген технологиялық құжаттардың үлгілік тізбесіне енгізілген құжаттар.

Осы Тәртіпте пайдаланылған өзге ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 4 шешімімен бекітілген "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары) 4-тармағында айқындалған мағыналарда қолданылады.

IV. Өзара іс-қимылға қатысушылар

5. Өзара іс-қимылға қатысушылар жалпы процеске қосылған кездегі олардың рөлдері 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Өзара іс-қимылға қатысушылардың рөлдері

Р/с №	Рөлдің атауы	Рөлдің сипаты	Рөлді орындайтын қатысушы
1	Жалпы процеске қосылатын қатысушы	жалпы процеске қосылады және бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру үшін ұлттық тізілімді жүргізуді және оны Еуразиялық экономикалық комиссияға ұсынуды жүзеге асырады	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы (P.LS.02 .ACT.001)
2	бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінің иесі	бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану процесін қамтамасыз ету үшін жауап береді	Еуразиялық экономикалық комиссия (P.ACT.001)

V. Қосылу рәсімін сипаттау

1. Жалпы талаптар

6. Жалпы процеске қосылатын қатысушы жалпы процеске қосылу рәсімін орындағанға дейін жалпы процесті іске асыру және ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін қажетті, сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету кезінде қолданылатын құжаттарда айқындалған талаптар, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет (бұдан әрі – мүше мемлекет) заңнамасының ұлттық сегмент шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылын регламенттейтін талаптары орындалуға тиіс.

7. Жалпы процеске қосылу рәсімін орындау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

а) мүше мемлекеттің жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін жауапты уәкілетті органын тағайындау;

б) Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында көрсетілген анықтамалықтар мен сыныптауыштардың ақпаратын үйлестіру;

в) жалпы процеске қосылатын қатысушының ұлттық тізілімді дайындауы және одан алынған мәліметтерді Еуразиялық экономикалық комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) беруі;

г) бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімі иесінің ұлттық тізілімнен алынған мәліметтерді алу мен табысты өңдеу фактісін растауы.

8. Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында көрсетілген анықтамалықтар мен сыныптауыштарды жалпы процеске қосылатын қатысушының алуы жалпы процесті іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

9. Жалпы процеске қосылатын қатысушы бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне бастапқы қосу үшін ұлттық тізілімнен алынатын өзекті мәліметтерді қалыптастырады және оларды бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінің иесіне береді.

10. Ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтер XML-құжат түрінде ұсынылады. Ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтер қамтылып берілетін XML-құжаттың құрылымы мен деректемелік құрамы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 4 шешімімен бекітілген "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасында (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) келтірілген "Бақылау белгілері эмитенттерінің тізілімі" (R.CT.LS.02.001) деген электрондық құжаттың (мәліметтердің) құрылымына сәйкес келуге тиіс.

11. Ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді қамтитын XML-құжаттың жекелеген деректемелерін толтыру кезінде мынадай ерекшеліктер:

а) ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді қамтитын XML-құжаттың жекелеген деректемелерін толтыруға 1 және 4 деген кодтары бар талаптардың қолданылмайтындығы;

б) "Электрондық құжаттың (мәліметтердің) коды" (csdo:EDocCode) деген деректеме үшін "R.CT.LS.02.001" мәнінің белгіленетіндігі;

в) "Жалпы процесс хабарламасының коды" (csdo:InfEnvelopeCode) деген деректеме үшін "P.LS.02.MSG.000" мәнінің белгіленетіндігі;

г) "Соңғы дата мен уақыт" (csdo:EndDateTime) деген деректеме толтырылған жағдайда оның мәні "Бастапқы дата мен уақыт" (csdo:StartDateTime) деген деректеменің мәнінен артық немесе соған тең болуға тиіс екендігі ескеріле отырып, "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтер" (P.LS.02.MSG.001) деген хабарламада берілетін мәліметтерге қатысты Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 4

шешімімен бекітілген "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) белгіленген талаптар сақталады.

12. Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінің иесі ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді алғанын және табысты өңдегенін растайды. Қателер болмаған жағдайда бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінің иесі аталған мәліметтерді бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне енгізеді.

13. Жалпы процеске қосылатын қатысушы қателердің сипаттамаларын қамтитын, ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді өңдеу хаттамасын (бұдан әрі – мәліметтерді өңдеу хаттамасы) алған кезде қателерді жояды және ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді қамтитын XML-құжатты бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінің иесіне беру процесін қайталайды.

14. Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінің иесі мәліметтерді өңдеу хаттамасын орыс тілінде қалыптастырып, жалпы процеске қосылатын қатысушы қосылу рәсімі орындалғанға дейін ол жөнінде ақпарат ұсынатын мекенжайға электрондық пошта арқылы жалпы процеске қосылатын қатысушыға береді.

15. Осы Тәртіптің 6 – 14-тармақтарына сәйкес, талаптар сақталған және іс-қимылдар табысты орындалған жағдайда жалпы процеске қосылатын қатысушы мен бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінің иесі арасында кейіннен мәліметтер алмасу жалпы процесті іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

16. Жалпы процеске қосылатын қатысушы осы Тәртіптің 6-тармағында белгіленген талаптарды орындағанға дейін және осы Тәртіптің 7 – 14-тармақтарында көзделген іс-қимылдар табысты орындалған жағдайда одан әрі ақпараттық өзара іс-қимыл осы бөлімнің 2-кіші бөлімінде (бұдан әрі – уақытша схема бойынша өзара іс-қимыл) көрсетілген талаптарға сәйкес қамтамасыз етіледі.

17. Жалпы процеске қосылатын қатысушы уақытша схема бойынша өзара іс-қимылды 2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісімге сәйкес іске асырылатын пилоттық жобаның шеңберінде жүзеге асыра алады.

2. Уақытша схема бойынша өзара іс-қимыл

18. Ұлттық тізілімге өзгерістер енгізген кезде (эмитентті қосу (алып тастау, сондай-ақ эмитент туралы мәліметтерді өзгерту кезінде) жалпы процеске қосылатын қатысушы өзгертілген мәліметтерді Комиссияға XML-құжат түрінде береді (бұдан әрі – мәліметтердің өзгертілгені туралы электрондық хабарлама), оның құрылымы осы бөлімнің 1-кіші бөлімінде көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

19. Мәліметтердің өзгертілгені туралы электрондық хабарламаның жекелеген деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар мынадай ерекшеліктер:

а) "Электрондық құжаттың (мәліметтердің) коды" (csdo:EDocCode) деген деректеме үшін "R.CT.LS.02.001" мәнінің белгіленетіндігі;

в) енгізілетін өзгерістердің түрлеріне (мәліметтерді қосу, алып тастау, өзгерту) сәйкес "Жалпы процесс хабарламасының коды" (csdo:InfEnvelopeCode) деген деректеме үшін тиісті хабарлама кодының мәні белгіленетіндігі ескеріле отырып, "Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтер" (P.LS.02.MSG.001), "Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер" (P.LS.02.MSG.003) және "Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер" (P.LS.02.MSG.004) деген хабарламаларда берілетін мәліметтерге қатысты Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

20. Мәліметтердің өзгертілгені туралы электрондық хабарламаны өңдеу Комиссияда осы бөлімнің 1-кіші бөлімінің 12 – 14-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Беру параметрлеріне қойылатын талаптар

21. Ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді қамтитын XML-құжатты және мәліметтердің өзгертілгені туралы электрондық хабарламаны беру электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады (Комиссияның электрондық мекенжайы: CIS@eescommission.org).

22. Ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді қамтитын XML-құжатты, мәліметтердің өзгертілгені туралы электрондық хабарламаны және оларды өңдеу хаттамаларын қалыптастыру кезінде UTF-8 кодталуы пайдаланылады.

23. Ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді қамтитын XML-құжат атауының құрылымы RLS02_XXYYYYMMDDhhmm.xml түрінде болуға тиіс, ондағы:

а) R – бастапқы жүктеу үшін ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсынуды білдіретін тіркелген мән;

б) LS02 – жалпы процестің кодын білдіретін тіркелген мән;

в) XX – ISO 3166-1 стандартына сәйкес мүше мемлекеттің әріптік коды;

г) YYYYYMMDD – файлды қалыптастыру датасы (жылы, айы, күні);

д) hhmm – файлды қалыптастыру уақыты (сағат, минут).

24. Мәліметтердің өзгертілгені туралы электрондық хабарламаның мәліметтерін қамтитын XML-құжат атауының құрылымы LS02_XXYYYYMMDDhhmm.xml түрінде болуға тиіс, ондағы:

- а) LS02 – жалпы процестің кодын білдіретін тіркелген мән;
- б) XX – ISO 3166-1 стандартына сәйкес мүше мемлекеттің әріптік коды;
- в) YYYYYMMDD – файлды қалыптастыру датасы (жылы, айы, күні);
- г) hhmm – файлды қалыптастыру уақыты (сағат, минут).

25. Файлдарды электрондық пошта арқылы беру ZIP форматындағы (алгоритмнің нұсқасы 2,0-ден төмен болмауға тиіс, файлды кеңейту: *.zip) архивтік файл түрінде жүзеге асырылады. Архивтік файлдың атауы берілетін мәліметтердің сипатына қарай осы Тәртіптің 23 және 24-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс (мысалы, RLS02_BY201510061733.zip архиві RLS02_BY201510061733.xml файлын қамтуға тиіс). Электрондық пошта хабарламасының тақырыбында Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес электрондық құжат құрылымының коды және электрондық құжат құрылымының нұсқасы (мысалы, R_CT_LS_02_001_V_x_y_z, ондағы "x_y_z" – электрондық құжаттың құрылымы нұсқасының нөмірі), сондай-ақ тізілімнің атауы – "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімі" көрсетіледі.

26. Мәліметтерді өңдеу хаттамасы мәтіндік файл түрінде беріледі. Файлдың аты (кеңейту ескерілместен) өңделетін файлдың атына сәйкес келуге тиіс. Файлды кеңейту ".txt" мәнінде болуға тиіс.

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2016 жылғы 19 қаңтардағы
№ 4 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу ТӘРТІБІ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісім;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісімде көзделген жекелеген құжаттарды бекіту туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы № 70 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісімде көзделген жекелеген құжаттарды бекіту туралы" 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 86 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Тәртіп "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне (P.LS.02) (бұдан әрі – жалпы процесс) жаңа қатысушы қосылған кезде ақпараттық өзара іс-қимылға қойылатын талаптарды айқындайды.

3. Осы Тәртіпте айқындалған рәсімдер жалпы процеске жаңа қатысушы қосылған кезде бір мезетте не белгілі бір уақыт кезеңінде орындалады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Тәртіптің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету кезінде қолданылатын құжаттар" – Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3

қосымша) 30-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия әзірлейтін және бекітетін техникалық, технологиялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық құжаттар;

"жалпы процесті іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар" – Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімінің 1-тармағында көрсетілген технологиялық құжаттардың үлгілік тізбесіне енгізілген құжаттар.

Осы Тәртіпте пайдаланалытан өзге ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 4 шешімімен бекітілген "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары) 4-тармағында айқындалған мағыналарда қолданылады.

IV. Өзара іс-қимылға қатысушылар

5. Өзара іс-қимылға қатысушылар жалпы процеске қосылған кездегі олардың рөлдері 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Өзара іс-қимылға қатысушылардың рөлдері

Р/с №	Рөлдің атауы	Рөлдің сипаты	Рөлді орындайтын қатысушы
1	Жалпы процеске қосылатын қатысушы	жалпы процеске қосылады және бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру үшін ұлттық тізілімді жүргізуді және оны Еуразиялық экономикалық комиссияға ұсынуды жүзеге асырады	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы (P.LS.02.ACT.001)
2	бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінің иесі	бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану процесін қамтамасыз ету үшін жауап береді	Еуразиялық экономикалық комиссия (P.ACT.001)

V. Қосылу рәсімін сипаттау

1. Жалпы талаптар

6. Жалпы процеске қосылатын қатысушы жалпы процеске қосылу рәсімін орындағанға дейін жалпы процесті іске асыру және ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін қажетті, сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету кезінде қолданылатын құжаттарда айқындалған талаптар, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет (бұдан әрі – мүше мемлекет) заңнамасының ұлттық сегмент шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылын регламенттейтін талаптары орындалуға тиіс.

7. Жалпы процеске қосылу рәсімін орындау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

а) мүше мемлекеттің жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін жауапты уәкілетті органын тағайындау;

б) Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында көрсетілген анықтамалықтар мен сыныптауыштардың ақпаратын сәйкестендіру;

в) жалпы процеске қосылатын қатысушының ұлттық тізілімді дайындауы және одан алынған мәліметтерді Еуразиялық экономикалық комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) беруі;

г) бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімі иесінің ұлттық тізілімнен алынған мәліметтерді алу мен табысты өңдеу фактісін растауы.

8. Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларында көрсетілген анықтамалықтар мен сыныптауыштарды жалпы процеске қосылатын қатысушының алуы жалпы процесті іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

9. Жалпы процеске қосылатын қатысушы бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне бастапқы қосу үшін ұлттық тізілімнен алынатын өзекті мәліметтерді қалыптастырады және бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінің иесіне береді.

10. Ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтер XML-құжат түрінде ұсынылады. Ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді қамтитын берілетін XML-құжаттың құрылымы мен деректемелік құрамы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 4 шешімімен бекітілген "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасында (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) келтірілген "Бақылау белгілері эмитенттерінің тізілімі" (R.CT.LS.02.001) деген электрондық құжаттың (мәліметтердің) құрылымына сәйкес келуге тиіс.

11. Ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді қамтитын XML-құжаттың жекелеген деректемелерін толтыру кезінде мынадай ерекшеліктер:

а) ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді қамтитын XML-құжаттың жекелеген деректемелерін толтыруға 1 және 4 деген кодтары бар талаптардың қолданылмайтындығы;

б) "Электрондық құжаттың (мәліметтердің) коды" (csdo:EDocCode) деген деректеме үшін "R.CT.LS.02.001" мәнінің белгіленетіндігі;

в) "Жалпы процесс хабарламасының коды" (csdo:InfEnvelopeCode) деген деректеме үшін "P.LS.02.MSG.000" мәнінің белгіленетіндігі;

г) "Соңғы дата мен уақыт" (csdo:EndDateTime) деген деректеме толтырылған жағдайда оның мәні "Бастапқы дата мен уақыт" (csdo:StartDateTime) деген деректеменің мәнінен артық немесе соған тең болуға тиіс екендігі ескеріле отырып, "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтер" (P.LS.02.MSG.001) деген хабарламада берілетін мәліметтерге қатысты Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 4 шешімімен бекітілген "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) белгіленген талаптар сақталады.

12. Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінің иесі ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді алғанын және табысты өңдегенін растайды. Қателер болмаған жағдайда бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінің иесі аталған мәліметтерді бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне енгізеді.

13. Жалпы процеске қосылатын қатысушы қателердің сипаттамаларын қамтитын, ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді өңдеу хаттамасын (бұдан әрі – мәліметтерді өңдеу хаттамасы) алған кезде қателерді жояды және ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді қамтитын XML-құжатты бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінің иесіне беру процесін қайталайды.

14. Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінің иесі мәліметтерді өңдеу хаттамасын орыс тілінде қалыптастырып, жалпы процеске қосылатын қатысушы қосылу рәсімі орындалғанға дейін ол жөнінде ақпарат ұсынатын мекенжайға электрондық пошта арқылы жалпы процеске қосылатын қатысушыға береді.

15. Осы Тәртіптің 6 – 14-тармақтарына сәйкес, талаптар сақталған және іс-қимылдар табысты орындалған жағдайда жалпы процеске қосылатын қатысушы мен

бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінің иесі арасында кейіннен мәліметтер алмасу жалпы процесті іске асыру кезінде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

16. Жалпы процеске қосылатын қатысушы осы Тәртіптің 6-тармағында белгіленген талаптарды орындағанға дейін және осы Тәртіптің 7 – 14-тармақтарында көзделген іс-қимылдар табысты орындалған жағдайда одан әрі ақпараттық өзара іс-қимыл осы бөлімнің 2-кіші бөлімінде (бұдан әрі – уақытша схема бойынша өзара іс-қимыл) көрсетілген талаптарға сәйкес қамтамасыз етіледі.

17. Жалпы процеске қосылатын қатысушы уақытша схема бойынша өзара іс-қимылды 2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісімге сәйкес іске асырылатын пилоттық жобаның шеңберінде жүзеге асыра алады.

2. Уақытша схема бойынша өзара іс-қимыл

18. Ұлттық тізілімге өзгерістер енгізген кезде (эмитентті қосу (алып тастау, сондай-ақ эмитент туралы мәліметтерді өзгерту кезінде) жалпы процеске қосылатын қатысушы өзгертілген мәліметтерді Комиссияға XML-құжат түрінде береді (бұдан әрі – мәліметтердің өзгертілгені туралы электрондық хабарлама), оның құрылымы осы бөлімнің 1-кіші бөлімінде көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

19. Мәліметтердің өзгертілгені туралы электрондық хабарламаның жекелеген деректемелерін толтыруға қойылатын талаптар мынадай ерекшеліктер:

а) "Электрондық құжаттың (мәліметтердің) коды" (csdo:EDocCode) деген деректеме үшін "R.CT.LS.02.001" мәнінің белгіленетіндігі;

в) енгізілетін өзгерістердің түрлеріне (мәліметтерді қосу, алып тастау, өзгерту) сәйкес "Жалпы процесс хабарламасының коды" (csdo:InfEnvelopeCode) деген деректеме үшін тиісті хабарламаның коды мәнінің белгіленетіндігі ескеріле отырып, "Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне қосу үшін мәліметтер" (P.LS.02.MSG.001), "Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер" (P.LS.02.MSG.003) және "Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен алып тастау үшін мәліметтер" (P.LS.02.MSG.004) деген хабарламаларда берілетін мәліметтерге қатысты Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

20. Мәліметтердің өзгертілгені туралы электрондық хабарламаны өңдеу Комиссияда осы бөлімнің 1-кіші бөлімінің 12 – 14-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Беру параметрлеріне қойылатын талаптар

21. Ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді қамтитын XML-құжатты және мәліметтердің өзгертілгені туралы электрондық хабарламаны беру электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады (Комиссияның электрондық мекенжайы: CIS@eecommission.org).

22. Ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді қамтитын XML-құжатты, мәліметтердің өзгертілгені туралы электрондық хабарламаны және оларды өңдеу хаттамаларын қалыптастыру кезінде UTF-8 кодталуы пайдаланылады.

23. Ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді қамтитын XML-құжат атауының құрылымы RLS02_XXYYYYMMDDhhmm.xml түрінде болуға тиіс, ондағы:

- а) R – бастапқы жүктеу үшін ұлттық тізілімнен алынатын мәліметтерді ұсынуды білдіретін тіркелген мән;
- б) LS02 – жалпы процестің кодын білдіретін тіркелген мән;
- в) XX – ISO 3166-1 стандартына сәйкес мүше мемлекеттің әріптік коды;
- г) YYYYYMMDD – файлды қалыптастыру датасы (жылы, айы, күні);
- д) hhmm – файлды қалыптастыру уақыты (сағат, минут).

24. Мәліметтердің өзгертілгені туралы электрондық хабарламаның мәліметтерін қамтитын XML-құжат атауының құрылымы LS02_XXYYYYMMDDhhmm.xml түрінде болуға тиіс, ондағы:

- а) LS02 – жалпы процестің кодын білдіретін тіркелген мән;
- б) XX – ISO 3166-1 стандартына сәйкес мүше мемлекеттің әріптік коды;
- в) YYYYYMMDD – файлды қалыптастыру датасы (жылы, айы, күні);
- г) hhmm – файлды қалыптастыру уақыты (сағат, минут).

25. Файлдарды электрондық пошта арқылы беру ZIP форматындағы (алгоритмнің нұсқасы 2,0-ден төмен болмауға тиіс, файлды кеңейту: *.zip) архивтік файл түрінде жүзеге асырылады. Архивтік файлдың атауы берілетін мәліметтердің сипатына қарай осы Тәртіптің 23 және 24-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс (мысалы, RLS02_BY201510061733.zip архиві RLS02_BY201510061733.xml файлын қамтуға тиіс). Электрондық пошта хабарламасының тақырыбында Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес электрондық құжат құрылымының коды және электрондық құжат құрылымының нұсқасы (мысалы, R_CT_LS_02_001_V_x_y_z, ондағы "x_y_z" – электрондық құжаттың құрылымы нұсқасының нөмірі), сондай-ақ тізілімнің атауы – "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімі" көрсетіледі.

26. Мәліметтерді өңдеу хаттамасы мәтіндік файл түрінде беріледі. Файлдың аты (кеңейту ескерілместен) өңделетін файлдың атына сәйкес келуге тиіс. Файлды кеңейту ".txt" мәнінде болуға тиіс.

"Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін келесі актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015-2016 жылдары іске асыру туралы келісім;

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 10 қазандағы "Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістікке мүше-мемлекеттердің аумақтарында жеңіл өнеркәсіптің жекелеген өнім түрлерін таңбалау жүйесін әзірлеу туралы" № 88 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Киім заттары, киімге керек-жарақтар және табиғи теріден жасалған өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісімде көзделген жекелеген құжаттарды бекіту туралы" 2015 жылғы 23 қарашадағы № 70 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің "2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи үлбірден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісімде көзделген жекелеген құжаттарды бекіту туралы" 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 86 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 14 сәуірдегі "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестер тізбесі және Еуразиялық

экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразия экономикалық одақ төңірегіндегі жалпы процестерді зерттеу, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

II. Қолданылу аясы

2. Осы Қағидалар "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесі (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде жалпы процеске қатысушылар қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторизация" – жалпы процеске белгілі бір қатысушыға белгілі бір әрекетті орындауға құқық беру;

"тарихи деректер" – бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімі қалыптасқан кезден бастап сақталатын және оған өзгерістер енгізу көзделмейтін ақпарат;

"ұлттық тізілім" – оны қалыптастыруды және жүргізуді Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы жүзеге асыратын бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің тізілімі;

"бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттері" – Одаққа мүше мемлекеттің аумағында сол мемлекеттің заңнамасына сәйкес заңды тұлғалар мен дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлғаларға бақылау (сәйкестендіру) белгілерін дайындауды және өткізуді жүзеге асыратын органдар (ұйымдар).

"Бақылау (сәйкестендіру) белгісі" ұғымы 2015 жылғы 8 қыркүйектегі "Табиғи теріден жасалған киім заттары, киімге керек-жарақтар және өзге де бұйымдар" тауар позициясы бойынша тауарларды бақылау (сәйкестендіру) белгілерімен таңбалауды енгізу жөніндегі пилоттық жобаны 2015 – 2016 жылдары іске асыру туралы келісімде айқындалған мағынада қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процестің рәсімі", "жалпы процестің ақпараттық объектісінің жай-күйі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ төңірегіндегі жалпы процестерді зерттеу, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мағынада қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодпен белгіленуі: P.LS.02, 1.0.0. нұсқа.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы ақпараттық ресурстарда (бақылау (сәйкестендіру) белгілері (бұдан әрі – бақылау белгісі) эмитенттерінің жалпы тізіліміне қатысты бөлікте) мәліметтерді қалыптастырудың және оларды Одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) уәкілетті органдарына және басқа да мүдделі тұлғаларға берудің тетіктерін құру есебінен жалпы процеске қатысушыларды ақпараттық қамтамасыз ету жалпы процестің мақсаты болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

а) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының Еуразиялық экономикалық комиссияға бақылау белгілері эмитенттерін ұлттық тізілімге енгізу, одан алып тастау, сондай-ақ ұлттық тізілімдегі бақылау белгілері эмитенттері жөніндегі мәліметтердің өзгеруі туралы мәліметтерді ұсынуын қамтамасыз ету;

б) Комиссияда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ұсынған мәліметтер негізінде бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін автоматты түрде қалыптастырылуын және оның Одақтың ақпараттық порталында жариялануын қамтамасыз ету;

в) Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 70 шешімімен бекітілген бақылау белгілерімен таңбалануға жататын тауарлар тізбесіне енгізілген тауарлар айналымына бақылау процесінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді пайдалануы мақсатында осы органдарға осы мәліметтерді ұсыну тетігін іске асыру;

г) мүдделі тұлғаларға Одақтың ақпараттық порталы арқылы бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді ұсыну тетігін іске асыру;

д) Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалана отырып, сыртқы ақпараттық жүйелердің сұрау салуы бойынша бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Комиссияның ұлттық тізілімдерден мәліметтерді қабылдауға және өңдеуге, сондай-ақ бақылау белгілері эмитенттері жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтерін жариялауға жауапты құрылымдық бөлімшесі
P.LS.02.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	ұлттық тізілімді жүргізуге және бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру үшін оны Комиссияға ұсынуға, сондай-ақ бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді пайдалануға уәкілеттік берілген мүше мемлекеттің атқарушы билік органы
P.LS.02.ACT.002	мүдделі тұлға	бақылау белгілері эмитенттері жалпы тізілімінен мәліметтерді өз қызметінде пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өз мақсаттары бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

а) бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;

б) бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері;

в) бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдері.

11. Жалпы процестің рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған ұлттық тізілімдердегі мәліметтер негізінде бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, сондай-ақ мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына және мүдделі тұлғаларға бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне енгізілген органдар (ұйымдар) (бұдан әрі – ұйымдар) туралы мәліметтерді ұсыну жүзеге асырылады.

Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру кезінде бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобына енгізілген жалпы процестің келесі рәсімдері орындалады:

бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді енгізу;

бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту;

бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау.


Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің келесі рәсімдері орындалады:

бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты алу;

бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алу;

бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты алу.

Мүдделі тұлғаларға Одақтың ақпараттық порталын пайдалана отырып, бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді ұсыну кезінде мүдделі тұлғаларға бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген "Одақтың ақпараттық порталы арқылы бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алу" рәсімі орындалады.



1-сурет. Жалпы процесс құрылымы

12. Жалпы процестің құрылымына берілген сипаттама 1-суретте көрсетілген.

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, өз мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процестің рәсімдерін орындаудың тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде берілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процестің рәсімдері арасындағы байланысты және оларды орындау тәртібін көрсететін жалпы схема берілген. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (Unified Modeling Language – модельдеудің біріздендірілген тілі) графикалық нотациясы пайдаланыла отырып құрылған және мәтіндік сипаттамасымен жабдықталған.

4. Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы

15. Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау мүше мемлекеттің уәкілетті органынан ұлттық тізілімде қамтылған мәліметтердің өзгергені (қосу, алып тастау) туралы ақпарат алған кезден басталады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органында ұлттық тізілімді жүргізу кезінде осы мемлекеттің заңнамасының талаптарына сәйкес ұйымды ұлттық тізілімге қосу туралы құжаттардың тіркеу нөмірлерінің бірегейлігі қамтамасыз етіледі.

Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімге өзгерістер енгізгенде осы өзгерістер туралы мәліметтерді қалыптастырады және оны Комиссияға ұсынады. Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 4 шешімімен бекітілген "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 4 шешімімен бекітілген "Бақылау (сәйкестендіру) белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.


Ұйымды ұлттық тізілімге енгізу кезінде "Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді енгізу" (P.LS.02.PRC.001) рәсімі орындалады.

Ұлттық тізілімге енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді беру кезінде (бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне ұйымды енгізу кезінде мәлімделген ол туралы мәліметтер өзгерген жағдайда) "Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.LS.02.PRC.002) рәсімі орындалады.

Ұйымды ұлттық тізілімнен алып тастау туралы мәліметтерді беру кезінде "Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.LS.02.PRC.003) рәсімі орындалады.

Егер ұлттық тізілімге өзгерістер енгізу кезінде ұйымның ұлттық тізілімге енгізілгенін растайтын құжаттың тіркеу нөмірі өзгерген жағдайда, онда мәліметтерді ұсыну 2 рәсімді: "Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.LS.02.PRC.003) рәсімі және "Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді енгізу" (P.LS.02.PRC.001) рәсімі пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

16. Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының берілген сипаттамасы 2-суретте ұсынылған.



2-сурет. Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде берілген.

2-кесте

Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы

1	2	3
P.LS.02.PRC.001	бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді енгізу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қалыптастыруға және оларды Комиссияға ұсынуға арналған
P.LS.02.PRC.002	бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қалыптастыруға және Комиссияға ұсынуға арналған
P.LS.02.PRC.003	бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ұйымды бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен алып тастау туралы мәліметтерді қалыптастыруға және оларды Комиссияға ұсынуға арналған

5. Бақылау белгілері эмитенттерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдерінің тобы

